

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

межд. научн.-практ. конф. "Перспективные направления стабилизации и развития агропромышленного комплекса Казахстана в современных условиях", посвящ. 90-летию со дня образования

2. Сапаров А.С., Рамазанова Р.Х. Пути повышения продуктивности сельскохозяйственных культур и плодородия почв в условиях рынка //Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана, - 2002. №8. - С, 27-29.

3. Салихов Т.К. Батыс Қазақстан агроэкожүйелеріндегі топырақ жамылғысының құнарлылығының қазіргі жағдайы //С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы - 2010. №4. - С. 96-101.

4. Браун Э.Э., Чекалин С.Г., Лиманская В.Б. Жакселикова Г.К. Выводное поле многолетних трав, как основной фактор повышения плодородия земель //Материалы межд. науч.-практ. конф. "Экономическое и социальное и культурное развитие западного Казахстана: история и современность", посвящ. 180-летию Оружейной палаты Букеевского хана. - Уральск: Изд-во Зап.-Казахст. аграр.-техн. ун-та им Жангир хана, 2008. - С 287-288.

5. Фартушина М.М., Дарбаева Т.Е. К вопросу изменения физических, физико-химических и химических свойств почв при орошении //Материалы межд. научн.-практ. конф. "Перспективные направления стабилизации и развития агропромышленного комплекса Казахстана в современных условиях", посвящ. 90-летию со дня образования Уральской с.-х. станции и 100-летию со дня рождения Н.И. Бешмакова. - Уральск, 2004. - С. 89-92.

6. Елешев Р.Е., Елемесов Ж.Е., Мухаметкәрімов Қ.М. Топырақтану практикумы. - Алматы: Қазақ ұлттық аграр. ун-т баспасы, 2006. - 156 бет.

7. Сулейменова Н.Ш., Әуезов Ә.Ә., Оразымбетова Қ.Н. Егіншілік практикумы. - Алматы, 2006. -227 бет.

8. Салихов Т.К. Практикум по почвоведению. - Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2009. - 172 ст.

ӘОЖ 911.3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сансызбаева Айгерім Бақкелдіқызы

sansyzbaeva.aygerym@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физикалық және экономикалық география кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Оспанова Гүлнар Шаймерденқызы

ospanova_14@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физикалық және экономикалық география кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап өткен күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер халықтың демографиялық ахуалына да өзіндік ықпал жасады. Мемлекеттің дамуының жаңа моделін табу және қоғамды жандандыра түсудің тиімді жолдарын анықтау, еліміздің негізгі байлығы халықтардың дамуында тұрақтылықты сақтау үшін олардың өткен тарихы мен бүгінгі дамуына ғылыми түрде талдау жасау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Қоғамтанушы ғалымдар экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да процестерді талдау, зерттеу үстінде демографиялық статистикаға соқпай кетуге болмайды және демографиялық жағдайды елдің әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзекті мәселелерімен байланыстырады. Елбасының Халыққа Жолдауларында еліміздегі халықтың санын 20 миллионға жеткізудің жолдары мен алдымызда тұрған міндеттер туралы үнемі айтылып келе жатқандығының өзі бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді.

17 миллион тұрғыны бар Қазақстанда 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 12,8 адамды, туылымның жалпы коэффициенті - 22,6 адамды, өлім-жетімнің жалпы коэффициенті - 9,8 адамды құрайды. Тұрғындардың өлім себептерінің ішінде басым бөлігі қан айналу жүйесі ауруларының үлесіне тиеді, ол 50,2% -ды құрайды. Оқыс оқиғалар, жарақаттану мен уланулардың үлесіне 13,2% тиеді, әртүрлі ісіктер 11,7%-ды құрайды. Жалпы қан айналу жүйесі ауруларынан, қайтыс болғандар 24,5% -ды құрайды.

Бүгінде Қазақстан құрамында 14 облыс, республикалық бағыныстағы 2 қала (Астана мен Алматы), 160 аудан, 85 қала, 176 қала үлгісіндегі кент бар. Селолық жерлердегі селолар мен ауылдар саны 8 мыңға жуық [1].

Қай елде болмасын, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі табиғат мүмкіндіктерімен және адам ресурстарымен анықталады. Адамның одан әрі дамуы үшін қажетті ресурстар әрқашан да жеткілікті болатын, қазіргі таңда жер бетінде таралу барысында адам оларды игеріп, өндіріс тиімділігін арттырып отырды. Қазіргі уақытта жүйелік тұрақтылықтың жоғалуы дамушы елдердің демографиялық өткелден өтуіне байланысты пайда болуы мүмкін, осыған ұқсас жағдай XX ғасырдың басында Еуропада орын алған болатын. Қазіргі кездегі ауысу, Еуропа елдеріне қарағанда екі есе жылдам жүріп, 10 есе көп адамдарды қамтып отыр. Қалыптасып отырған жағдайға көз жүгіртсек, соңғы 15 жыл бойында Қытай экономикасы жылына 10% -ға, ал 1,2 миллиардтан астам халқы жылына 1,1% -ғы өсіп келеді. Үндістанда болса тұрғындарының саны миллиардтық мәжеден асып, жылына 1,9% -ға, экономикасы жылына 6% -ға өскен. Осыған ұқсас, Азия-Тынық мұхит аймағы елдерінде қарқынды дамуын сипаттайтын сандармен қатар, халық санының өсуі мен экономикалық теңсіздік градиенті қалыптасып отыр [2].

Қазақстан – дүние жүзіндегі ең халқы аз мемлекеттердің бірі. Қазіргі кезде біздің Республикамызда 2015 жылғы статистикалық мәліметке сүйенсек, халық саны 17 630,7 мың адамды құрады, соның ішінде қала халқының саны - 10 036,2 мың (56,9 %), ауыл халқының саны - 7 594,5 мың адамды (43,1%), құраған, 2000 жылғы көрсеткішпен қарасақ (14 865,6 адам) 2,765.1 адамға өскендігін байқауға болады. 2016 жылғы қаңтар айындағы мәліметтерге сүйенсек халықтың саны 17 061 704 адам.

Мәліметтерге сүйенсек, 2015 жылғы қаңтар-қазанда халықтың саны ел бойынша 213 мың адамға немесе 1,2 пайызға өскен. Бұл көрсеткіш 2014 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда халық саны 253 мың адамға немесе 1,46 пайызға артып отыр. 2015 жылы қаңтарда туылғандар саны 282 946 ал қайтыс болғандар 159 401 адамды құраған, жалпы табиғи өсім 123544 адам.

Жалпы алғанда халық саны табиғи жолмен тұрақты түрде, ең біріншіден сырттан көшіп келушілердің есебінен өсті. Егер 1990 жылы толып жатқан экономикалық және қоғамдық қиыншылықтар нәтижесінде елден 272,4 мың адам қоныс аударса, 2010 жылдары басқа елге қоныс аударушылардың саны 8 есе кеміді. Бір мезгілде көшіп келушілердің саны көшіп келушілердің санына арта бастады. Бұл Қазақстандықтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен тұрмыс жағдайының жақсарғандығының көрсеткіші болып табылады [3].

Өңірлер бойынша 2015 жылы халықтың саны Оңтүстік Қазақстан облысында 2.841.000 адам, Алматы облысында 1,9% -ға өсті Астана - 1,3% -ға, Маңғыстау облысында - 3,3% -ға, 626,8 мың адамды, Жамбыл ауданы - 1,1% -ға 1.111 миллион адам, Ақтөбе облысына - 1,5% -ға, 834,8 мың адам, Қызылорда облысына - 1,6% 765,2 мың адамды, Атырау облысына - 2, 594,6 мың адамды, Қарағанды облысына - 3%. 1,385 млн адамға дейін 0,5%. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысында халықтың саны 569,5 мың 0,4% адамға (2,152 адам) төмендеген.

Қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандар саны 11,7 мың адамды құрап, 2014 жылғы қаңтарға қарағанда 0,5 мың адамға немесе 4,1 пайызға азайған. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға 7,89 қайтыс болғандарды құрады.

90-жылдардың басында Еуразия құрлығында көптеген дербес мемлекеттер пайда болды. Бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттер ішінде көптеген өзгерістер болып,

аумақтар ішіндегі адамдар да бұрын соңды болып көрмеген көші-қондық өзгерістерге ұшырады. Жоғары техникаларды меңгерген дарындылар, өмір сүру ортасын жақсарту мақсатында олар шетелдерге ағылды. Қалған бөлігі ел ішіндегі экономикасы біршама дамыған қалаларға кетті [4]. Кеңістікке таралу жағынан қарағанда Орталық Азиядағы еңбек көші-қонын Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан құрады. Себебі, Қазақстанның жері кең, адам саны аз дербес болғаннан кейін, экономикалық жағдайы пайда болып, Орталық Азиядағы еңбек көші-қонын қабылдайтын ел болды. Қазақстанның ерекше географиялық орнына және біршама орнықты және біршама орнықты экономикалық жағдайына байланысты миграцияны қабылдаушы ел болуымен қатар транзиттік елге айналды.

2015 жылы ел ішінде көшіп-қонушылар саны 13 804 адамға немесе 49,3 пайызға көбейіп, 41 796 адамды құраған. Өңіраралық көшіп-қонушылардың үлесіне еліміздің жалпы ішкі көшіп-қонушылар санының 40,4 пайызы тиесілі. Өңіраралық көші-қонның оң айырымы Алматы (2 690 адам), Астана (473 адам) қалаларында және Ақмола (124 адам), Маңғыстау (78 адам), Ақтөбе (11 адам) облыстарында қалыптасты. Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен болуда. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі, тиісінше, 89,5% және 89,0% құрады. Қарастырылып отырған кезеңде 2014ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда ел ішінде көшіп-қонушылар саны 13 804 адамға немесе 49,3% көбейіп, 41 796 адамды құрады. Өңіраралық көшіп-қонушылардың үлесіне еліміздің жалпы ішкі көшіп-қонушылар санының 40,4% (43,7%) тиесілі.

Қазақстандағы көші-қонның негізгі себептері:

- Патшалық Ресей заманында Қазақстанға жіберілген, Сталиндік кезең жылдарында жер аударылған, тың жән тыңайған жерлерді игеруге жіберілген шығыс славян тілді бөлігі және әскери-өнеркәсіп кешеніне қызмет істейтіндер мен олардың ұрпақтары тарихи отанына қайтты. 1991-2014 жылдары аралығында шеттен келген қазақтардың саны 920 мың адамды құрайды.

- Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі шет елдерден және Орталық Азиядағы қазақ диаспораларының тарихи отанына оралуы;

- Өндіріс орындарындағы дағдарыс, зауыттар мен фабрикалардың жабыла бастауы;

- Экологиялық себептер салдарынан Семей полигоны аймағы мен Арал өңірінен халықтың басқа өңірлерге көшіп кетуі;

- Қазақстан Республикасының геосаяси орналасу жағдайынан, ТМД елдерімен шекаралардың анықтылығынан, Достастық елдерінің бірыңғай келісілген саясаты болмауынан және заңдық базаның жетілмеуінен туындаған заңсыз көші-қон;

- Ішкі еңбек рыногында шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты еңбек көші-қоны;

- Бірқатар мемлекеттердегі қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығы салдарынан босқындардың болуы;

- Қалаласумен өнеркәсіптенудің тез қарқынмен дамуы көптеген еңбек күшін қажет етіп, ауылдардағы артық еңбек күшінің қалаға қарай ағылуын тездетті (кесте 1).

Кесте 1 - 1991-2015 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасы халқының мемлекетаралық көші-қон көрсеткіші

	Сыртқы көші-қон		Оның ішінде:			
	келгені	кеткені	ТМД елдері		ТМД-дан тыс елдер	
			келгені	кеткені	келгені	кеткені
1991	170 787	228 473	161 738	150 781	9 049	77 692
1992	161 499	317 760	148 165	216 906	13 334	100 854
1993	111 082	330 107	100 075	229 643	11 007	100 464
1994	70 389	477 068	63 863	372 053	6 526	105 266
1995	71 137	309 632	68 022	208 366	3 115	101 266
1996	53 874	229 412	51 600	155 787	2 274	73 625
1997	38 067	299 455	35 936	239 441	2 131	60 014

1998	40 624	243 663	38 340	193 866	2 284	49 797
1999	41 320	164 947	39 461	120 240	1 859	44 707
2000	47 442	155 749	43 460	116 707	3 982	39 042
2001	53 548	141 710	49 932	101 009	3 616	40 701
2002	58 211	120 223	54 206	85 317	4 005	34 906
2003	65 584	73 890	60 781	49 260	4 803	24 630
2004	68 319	65 530	61 831	46 929	6 488	18 601
2005	74 807	52 139	65 829	40 698	8 978	11 441
2006	66 731	33 690	56 635	30 271	10 096	3 419
2007	53 397	42 435	42 613	39 767	10 784	2 668
2008	46 404	45 287	31 425	42 908	14 979	2 379
2009	41 511	33 985	32 082	31 727	9 429	2 258
2010	42 057	26 541	24 956	33 916	8 141	1 585
2011	38 016	32 920	30 996	31 303	7 020	1 617
2012	28 296	29 722	23 889	28 274	4 407	1 448
2013	24 105	24 384	20 331	22 565	3 774	1 819
2014	16 790	28 947	14842	26102	1948	2845

Демографиялық саясаттың мақсаты - демографиялық процестердегі жағымсыз тенденцияларды жою, құлдырап азаюды болдырмау, ел дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз ету. Демографиялық саясатты іске асыру кезінде мемлекеттік үкімет органдарының алдында мынадай міндеттер тұр:

- өсіп-өнуді қоса алғанда, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту;
- өлімді азайту және соның көрінісі ретінде өмірдің ұзақтығын ұлғайту;
- тууды тұрақтандыру және оны болашақта ұрпақтарды толық алмастыруды және халықты ұдайы көбейтудің кеңейтілген режимін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру;
- отбасының тұрмыс-тіршілігі жағдайын жақсарту, отбасы-неке қатынастарын нығайту;
- көші-қон процестерін реттеу;
- қоғам және жеке адам деңгейінде халықтың денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
- экологиялық зілзаланың жағымсыз зардаптарын жену.

Қорыта келе бірінші байлық денсаулық халқымыздың денсаулығы жақсы болса, бала туу көрсеткіші жоғарласа, өмір сүру деңгейі жақсы болса, онда халқымыздың демографиясы жоғарғы деңгейде болады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М.Тәтімов «Дербестігіміз демографияда» / М.Тәтімов, Ж.Әлиев – Алматы: «Жеті жарғы», 1999.-113 б.
2. Әлинов М.Ш. Экология және тұрақты даму. Алматы 2012. - 193 б.
3. Дос Көшім. "Жергілікті өзін-өзі басқару- азаматтық қоғамның алғашқы баспалдағы". ДЕТАР Орталығы, 2000 жыл.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. - Алматы: Дәуір, 1992.- 56 б